

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне кредиттік бюро қызметі және кредиттік тарихты қалыптастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1363 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне кредиттік бюро және кредиттік тарихты қалыптастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

**Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне
кредиттік бюро қызметі және кредиттік тарихты қалыптастыру
мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне(Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; 2003 жылғы 10 желтоқсанда "Казахстанская правда" және 2003 жылғы 12 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1 5 8 - б а п т а :

баптың тақырыбындағы "немесе банк құпиясын" деген сөздер ", банк құпиясын, кредиттік бюроның кредиттік есептерінің мәліметтерін немесе кредиттік тарихтың дерекқорынан алынған ақпаратты" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлігіндегі "немесе банк құпиясы" деген сөздер ", банк құпиясы, не

кредиттік бюроның кредиттік есептерінің мәліметтері немесе кредиттік тарихтың дерекқорынан алынған ақпарат" деген сөздермен ауыстырылсын;
ескертудің бірінші бөлігіндегі "немесе банк құпиясы" деген сөздер ", банк құпиясы не кредиттік бюроның кредиттік есептерінің мәліметтері немесе кредиттік тарихтың дерекқорынан алынған ақпарат" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар, N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжаттар; N 13-14, 173, 176-құжаттар; N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 15, 151-құжат; N 19-20, 165-құжат; 2003 ж., N 1-2, 2-құжат; N 4, 25-құжат; N 6, 34-құжат; N 10, 50, 51-құжаттар; N 11, 69-құжат; N 14, 107-құжат; N 15, 124, 128, 139-құжаттар):

1) 10-бап мынадай мазмұндағы 10-3) тармақшамен толықтырылсын:

"10-3) кредиттік бюроның қызметі.";

2) 15-бап мынадай мазмұндағы оныншы абзацпен толықтырылсын:

"Кредиттік бюроға лицензия беру шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының кредиттік бюро және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңдарында айқындалады."

3. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 3, 31-құжат; N 10, 51-құжат; N 11, 56, 67-құжаттар; N 15, 138, 139-құжаттар):

34-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның олар және кредиттік бюроның деректер базасына жасалатын мәміле (заем операциясы), сондай-ақ тараптардың өз міндеттемелерін орындауға байланысты кредиттік ақпарат туралы мәліметтер беруіне заемшының жазбаша келісімінің болуы заем беру туралы шарттың міндетті талабы болып табылады.";

50-баптың 4-тармағының бірінші бөлігіндегі мемлекеттік тілдегі мәтінде "негізінде" деген сөзден кейін "заң актілеріне сәйкес берілген заемдар бойынша кредиттік бюроға"

деген сөздермен толықтырылсын;

б-тармақтың а), г) және д) тармақшаларындағы "прокурордың санкциясымен" деген сөздер алынып тасталсын.

2-бап. Осы Заң 2004 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ